

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 150ащ қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 478-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында :

"кеңсе құралдарын" деген сөздерден кейін "конкурстар үшін ұйымдастыру техникаларын" деген сөздермен толықтырылсын;

"фестивальдар" деген сөзден кейін "конференциялар" деген сөзбен толықтырылсын;

2) көрсетілген қаулыға 481-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында :

030-кіші бағдарлама мынадай редакцияда жазылсын:

"Фильмдерді шығару :

көркем фильмдер :

1) "Махамбет" - 161000 мың теңге, "Охотник" - 30000 мың теңге, "Дом у соленого озера" - 13900 мың теңге, "Час волка" - 2000 мың теңге, "Путевой обходчик" - 11764 мың теңге, "Мұстафа Шоқай" - 7000 мың теңге, дебют - "Братья Жумановы" - 7000 мың теңге, дебют тақырыбы, оның ішінде: "300 километр" - 1500 мың теңге, "Дружба" - 1500 мың теңге, "Тебе нужен щенок?" - 3000 мың теңге;

деректі фильмдер :

"Кенесары" - 2600 мың теңге, "Ана тілі" - 2900 мың теңге, "Целина" - 4000 мың теңге ;

анимациялық фильм "Құйыршық" - (2-сериясы) - 2900 мың теңге;

2) фильмдер бойынша 2001-2002 жылдары басталған жұмыстарды жалғастыру: "Кочевник" - 1101643 мың теңге, "Сардар" - 87084 мың теңге, "Маленькие люди" - 10000 мың теңге, "Остров возрождения" - 2000 мың теңге;

анимациялық фильмдер :

"Ақсақ құлан" - 610 мың теңге;

деректі фильмдер :

"Звезды Казахстана бокса" - 4558 мың теңге."; 031-кіші бағдарлама "Ұлттық фильмдер дубляжі" деген сөздерден кейін " - 1900 мың теңге;" деген сөздермен толықтырылсын;

"фильм көшірмелерін сақтау және тарату" деген сөздерден кейін " - 58804 мың теңге ." деген сөздермен толықтырылсын;

3) көрсетілген қаулыға 489-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағаны:

030-кіші бағдарлама мынадай редакцияда жазылсын:

"Мыналарды сатып алу: мұражай экспонаттарын - 150 бірлік, компьютерлер - 3 жиынтық, жиһаз - 1 жиынтық, экспозициялық витриналар - 10 дана, ксерокс - 1 дана, бейнекамера - 1 дана, экспозициялар үшін аудиовизионды техника - 2 дана, жаңғырту шеберханасы үшін арнайы жабдық - 1 жиынтық";

031-кіші бағдарлама "музыкалық аспаптар - 15 дана, компьютерлер - 10 дана, кеңсе жиһазы - 1 дана" деген сөздермен толықтырылсын;

032-кіші бағдарлама мынадай редакцияда жазылсын:

"Мыналарды сатып алу: бейнетехника - 2 дана, мұражай экспонаттары - 3500 дана, кітапханалар мен сақтау үшін арнайы жабдықтар - 16 дана, күзет дабылы - 1 дана, кабинеттерге арналған кеңсе жиһазы - 5 жиынтық, арнайы витриналар - 10 дана, фотоаппарат - 1 дана, ксерокс - 1 дана";

033-кіші бағдарлама мынадай редакцияда жазылсын:

"Мұражайлар үшін негізгі активтер сатып алу: экспонаттар - 230 дана, кеңсе жиһазы - 23 жиынтық, экспозициялық залдар үшін жиһаз - 25 жиынтық, лекция залы үшін креслолар - 80 дана, кондиционерлер - 21 дана, CD электронды тасығыштарда энциклопедиялар құру - 11000 дана";

4) көрсетілген қаулыға 490-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

030-кіші бағдарлама мынадай редакцияда жазылсын:

"Мыналарды сатып алу: компьютер - 1 жиынтық, ксерокс - 1 дана.";

032-кіші бағдарлама мынадай редакцияда жазылсын:

"Мыналарды сатып алу: кондиционерлер - 2 дана, тоңазытқыш - 2 дана, генератор - 1 дана, кішістанция - 1 дана, сейф - 2 дана, ат - 5 дана, жиһаз - 14 жиынтық, бинокль (күндізгі, түнгі) - 6 дана, спутниктік байланыс жүйесі - 1 жиынтық, электр желісінің жабдығы - 1 жиынтық, ұңғымаларды сүзу және зарарсыздандыруға арналған жабдық - 1 жиынтық, киіз үй - 5 дана, сұйық отынды пеш - 1 жиынтық, компьютер - 6 жиынтық."

;

5) көрсетілген қаулыға 492-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 5-

тармақ кестесінің 5-бағанында:

030-кіші бағдарлама мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын:

"аудиовизуалды аппаратура - 2 жиынтық, оқырмандарға арналған микрофильмдер мен микрофиштерді оқитын аппараттар - 10 дана, оқырмандық электронды каталог - 1 жиынтық, библиобус - 1 дана";

031-кіші бағдарлама мынадай редакцияда жазылсын:

"Мыналарды сатып алу: әдебиеттер - 1480 дана, компьютерлер - 4 жиынтық."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі